ACS

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №682339/2022/3

23.06.2022 жылғы

"КазТрансОйл" акционерлік қоғам, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Сенімхат №1668491007 07.06.2022 бастап, негізінде қызмет ететін Бас директорының тасымалдау жөніндегі орынбасары Сагиев Эрик Бекбулатович атынан, бір жағынан, және "Каз Надзор Груп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын, Жарғы, негізінде қызмет ететін Директор ЖАБАЕВ ЕРМАХАН КУЛМАГАНБЕТОВИЧ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2019 жылғы «9» қыркүйектегі № 31/19) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 682339 негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Қызметтердің көлемі, мерзімдері және Тапсырысшының қоятын техникалық талаптары Шартқа №№1,2 қосымшаларда баяндалған.

1.3. Қызметтерді Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Объектіні пайдалануға беру сәтіне дейін Объектіні салудың барлық кезеңі ішінде көрсетеді. Тараптар осы тармақтың Өызметтер көрсету мерзімі бөлігіндегі ережесінің Қызметтер көрсету мерзімін көздейтін Шарттың басқа ережелері мен оның Қосымшаларының алдында басым күші бар екенін мойындайды.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 261445.86 (екі жүз алпыс бір мың төрт жүз қырық бес теңге, сексен алты тиын) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Стандартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Көрсетілген қызметтер көлемі үшін Шарт сомасының 90%-не дейінгі шектегі аралық төлемдерді Тапсырысшы ай сайын, Тараптардың уәкілетті тұлғалары орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойғаннан және Тапсырысшы оны Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Орындаушы жазып берген шот-фактурамен бірге алғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төленеді.

Орындаушы шот-фактураны «Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) беруге арналған шарт (келісімшарт)» жолында Шарттың нөмірі мен жасалған күнін міндетті түрде көрсете отырып, теңгемен жазып береді. Көрсетілген қызметтерге ақы төлеу үшін ресімделетін барлық қалған құжаттарда да Шарттың нөмірі мен жасалған күнін көрсету қажет.

Көрсетілген қызметтердің құны орындалған жұмыстар мен шығындардың құны туралы анықтамаға сәйкес мердігер ағымдағы есепті кезеңде орындаған жұмыстар құнының мердігер (лердің) шартының құнына арақатынасына сәйкес Шарт бойынша жалпы құнының проценттік мәнде айқындалады.

2.3.2. Түпкілікті есеп айырысу Орындаушы Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындағаннан, Тапсырысшыда көрсетілген Қызметтердің сапасы мен мерзімдеріне қатысты кінәрат-талабы жоқ болғаннан кейін, Тапсырысшы Объектіні пайдалануға қабылдау туралы актіні бекіткеннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, сондай-ақ Тапсырысшы Орындаушыдан Шартта көзделген

, тиісті түрде ресімделген құжаттарды алған, көрсетілген Қызметтер және жасалған төлемдер бойынша өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісін және көрсетілген Қызметтер бойынша өзара есеп айырысудың салыстырып тексеру актісіне Тараптардың екеуі қол қойған күннен кешіктірмей, Орындаушы Тапсырысшыға ұсынатын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі №260 бұйрығымен бекітілген Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесіне (бұдан әрі – Бірыңғай әдістеме) сәйкес Қызметтердің көрсетілген көлемінде жергілікті қамтым бойынша есептілікті ұсынған күннен бастап жүргізіледі.

2.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебі (көрсетілген Қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) ұсынылады;

2.4.2. Шот-фактура;

2.4.3. орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін; өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін (түпкілікті төлем кезінде)

2.4.4. өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (түпкілікті төлем кезінде);

2.5. Орындаушы көрсетілген Қызметтер актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Жүйе арқылы жібереді. Жүйеде көрсетілген Қызметтер актісін (актілерін) электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

2.6. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.7. Орындаушы тарапынан Шартта көзделген тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынбаған не ұсынған жағдайда Тапсырысшы Орындаушы жетіспейтін құжаттарды ұсынғанға (құжаттарды ресімдеудегі бұзушылықтарды жойғанға) дейін Шарт бойынша төлемді жүзеге асырмауға құқылы. Мұндай жағдайда Шарт бойынша төлем Тапсырысшымен Орындаушы жетіспейтін құжаттарды (тиісті түрде ресімделген) бергеннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізіледі.

2.12 егер Орындаушының осы Шарт немесе Тапсырысшы мен Орындаушы арасында жасалған өзге де шарттар шеңберінде Тапсырысшы алдында берешегі болған жағдайда, осы шарттар арасында бар берешектерді өзара есепке алу жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге ақы төлеу Орындаушының бар берешегін шегеріп, өзара берешектерді ішінара өтеу тәртібі туралы келісімге қол қоймай, өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоя отырып жүргізіледі.

2.8. егер Орындаушының осы Шарт немесе Тапсырысшы мен Орындаушы арасында жасалған өзге де шарттар шеңберінде Тапсырысшы алдында берешегі болған жағдайда, осы шарттар арасында бар берешектерді өзара есепке алу жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге ақы төлеу Орындаушының бар берешегін шегеріп, өзара берешектерді ішінара өтеу тәртібі туралы келісімге қол қоймай, өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоя отырып жүргізіледі.

2.9. Шарттың жалпы сомасы Шартта айтылған барлық шығындарды, оның ішінде Шартқа №2 қосымшада көрсетілген тізбеге сәйкес қызметтер көрсетуді, Қазақстан Республикасының мүдделі және бақылаушы ұйымдарымен барлық келісулерді, Қазақстан Республикасының мүдделі және бақылаушы ұйымдарынан барлық тіркеуші куәліктерді, лицензияларды алуды, жұмыс күшінің, материалдардың, инженерлік жабдықтың, құралдардың, судың, жылудың, электр энергиясының, көлік шығыстарының, құрылыс машиналары мен механизмдерінің және қызметтердің барысында және оларды аяқтау үшін қажетті өзге де қызметтердің бүкіл құнын, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар, баждар және басқа да міндетті төлемдер мен алымдарды, сондай-ақ Объектіде қызметтер көрсетуге қажетті барлық күтпеген шығындарды қамтиды.

2.10. Шарт бойынша төлем теңгемен жүргізіледі.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Шарт күшіне енгенен кейін Тараптар қызметтерді көрсету орнындағы өздерінің өкілдері туралы жабаша түрде бір-біріне хабарлайды (Т.А.Ә. – паспорттық деректері көрсетілген Тапсырысшының өкілі және Орындаушының өкілі). Бұл рәсім тұлғалардың кез келген ауысуы кезінде қайталануы тиіс. Тапсырысшы мен Орындаушы арасындағы техникалық құжаттаманы (жұмыс құжаттамасы, техникалық кестелер және т.б.) беру Тапсырысшы мен Орындаушының өкілдері арқылы орындалуы тиіс.

3.2. Қызметтерді көрсеткеннен соң күнтізбелік 2 (екі) күннен кешіктірмей Орындаушы 2 (екі) данада орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін жасайды және Тапсырысшыға Қызметтерді тапсырады.

3.3. Тапсырысшы орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін алғаннан кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде көрсетілген Қызметтерді қабылдайды және осындай актіге қол қояды немесе Орындаушыға көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан жазбаша дәлелді бас тартуын жібереді. Тапсырысшы көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан бас тартқан кезде Тараптар Қызметтердегі кемшіліктер, сондай-ақ оларды жою талаптары мен мерзімдері көрсетілген екі жақты акті жасалады. Қызметтердегі барлық кемшіліктерді Орындаушы өз есебінен және тәуекелімен жояды.

3.4. Егер Шартта ескерілмеген қызметтердің кез келгені анықталса, бірақ Қызметтердің көрсетілуін аяқтау үшін қажет болса, Орындаушы қолда бар күшімен және мүмкіндігінше неғұрлым қысқа уақыт кезеңінде Шарт сомасын ұлғайтпай, өз қаражаты есебінен Шартқа №№1 ,2 қосымшаларда есепке алынбаған қосымша қызметтерді көрсетуі тиіс. Кез келген жағдайда Орындаушыда Тапсырысшыдан қосымша қызметтерді көрсетуге жұмсалған қаражатты өтеуін талап ету құқығы туындамайды.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Объектілерде тиісті біліктілігі бар өз мамандарының тұрақты болуын және тиісінше техникалық қадағалауын қамтамасыз етуге;

4.1.3. Мердігер аванстың (алдын ала төлемнің) қайтарылуын қамтамасыз етуді енгізбейді, тиісінше Тапсырысшы авансты (алдын ала төлемді) ұсынбайды. Тараптар авансты (алдын ала төлемді) ұсыну бөлігінде осы тармақтың ережесі Шарттың басқа ережелерінің және аванс (алдын ала төлем) беруді көздейтін оның қосымшаларының алдында басым күшке ие екендігін мойындайды.

4.1.4. Орындаушы Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде шарт сомасының 5% мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді 2023 жылғы 31 қаңтарға дейінгі мерзімге шартсыз және қайтарып алынбайтын банктік кепілдік түрінде, Тапсырыс берушіге Қызмет көрсететін банк арқылы немесе Тапсырыс берушінің келесі банктік шотына енгізілетін кепілді ақшалай жарна түрінде енгізуге міндетті:

"Қазақстан Халық банкі"АҚ

ЖСК KZ536010111000012185

SWIFT: HSBKKZKX

Экономика секторының коды 16.

4.1.5. егер Орындаушы Шарттың 4.1.4 -тармағында белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, ол Шарт жасасудан жалтарған деп танылады, соның салдарынан оған жауапкершілік жүктеледі және Тапсырысшы Шарттың 8.4-тармағына сәйкес Орындаушыға қатысты іс-әрекеттер жасайды.

Орындаушы шарттық міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырысшы шарттық міндеттемелерін орындауды бұзғаны үшін Орындаушыға есептелген өсімпұл және/немесе айыппұлдың және осыған байланысты туындаған шығындардың сомасын Шартты орындауға енгізілген қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуға құқылы.

4.1.6. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.6.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне (санына) Шарттағы жергілікті қамту үлесінің есебі (жүйеде ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.7. Тапсырыс беруші анықтаған қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жою.

Тапсырыс берушінің өнім берушінің көрсетілетін Қызметтердегі жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

4.1.8. Қызметтерді көрсетуге байланысты Тапсырысшыдан алған мәліметтерді жарияламауға;

4.1.9. Қызметтерді көрсету кезінде СТ 6636-1901-АО-039-2.005-2019 «Мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» және оған ұсынылған өзге де ішкі құжаттарды басшылыққа алуға;

4.1.10. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Орындаушының қызметкерлері Тапсырысшының қауіпті өндірістік объектілерінде жұмыстарды орындағанға дейін Орындаушының есебінен оқытудан және тиісті білімін тексеруден белгіленген тәртіппен өткенін қамтамасыз етуге. Орындаушының қызметкерлерін Тапсырысшының қауіпті өндірістік объектілеріне жіберу қажетті оқудан өткені туралы белгіленген үлгідегі куәлікті, сертификатты немесе өзге құжатты көрсетуі бойынша ғана жүзеге асырылады.

4.1.11. Шарт жасасқан күннен бастап ай сайын Тапсырысшыға есепті кезеңдегі орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) туралы есепті ұсынуға;

4.1.12. Қызметтерді көрсетуді аяқтаған соң Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге Тапсырысшыға Шартқа № 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қызметтегі жергілікті қамтым үлесінің нақты есебін ұсынуға.

4.1.13. Қызметтердегі жергілікті қамтым үлесі бойынша берілетін ақпараттың анықтығына кепілдік беруге. Жергілікті қамтым үлесі бойынша күмәнді ақпаратты ұсынған жағдайда Орындаушы Стандартқа және Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.14. Қызметтерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және нормативтік құжаттардың (ҚНжЕ, ҚР СТ, регламенттер және басқалар) талаптарына сәйкес көрсетуге.

4.1.15. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тапсырысшының ішкі құжаттарында белгіленген Орындаушы өкілдерінің қауіпсіздік және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды сақтамауы нәтижесінде туындайтын болуы мүмкін оқиғалар үшін, оның ішінде Орындаушы қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі үшін Тапсырысшының және

бақылаушы мемлекеттік органдардың алдында толық жауапкершілікті көтеруге.

4.1.16. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз қызметкерлерінің еңбек талаптарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Өнім берушінің қызметкерлерімен қауіпсіздік және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәнінде аудитті (ішкі бақылауды) тұрақты жүргізуге;

4.1.17. еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың және Тапсырысшының ішкі

құжаттарының талаптарын сақтамауына байланысты Өнім берушінің кінәсінен

туындайтын, мемлекеттік органдар мен өзге де заңды және жеке тұлғалардың

кінәрат-талаптарына, сот талап-арыздарына, айыппұлдарына байланысты шығыстар

мен залаларды Тапсырысшыға толық өтеуге.

4.1.18. орындалған құрылыс жұмыстарының актілеріне виза қоя отырып, жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес төлеуге ұсынылатын

құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау көлемдері мен мерзімдерінің сәйкестігін бақылауға, қабылданған және төленген жұмыстардың көлемдері мен құнына, сондай-ақ мердігер сапасыз орындаған жұмыстардың көлемдері мен құнына және ақаулар мен қайта жасауды жоюға арналған шығындардың есебін жасауға;

4.1.19. Объектінің құрылысын аяқтау кезінде Тапсырысшыға құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытынды беруге;

4.1.20. Орындаушының қызметкерлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік азаматтар болып табылатын оның қосалқы мердігерлері/тең орындаушылары арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге;

4.1.21. әр лауазым бойынша төленген жалақылардың сомаларын және олардың азаматтығын көрсете отырып, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде іске тартылған Орындаушының және оның қосалқы мердігерлері/тең орындаушыларының қызметкерлер саны және олардың лауазымдары туралы ақпаратты Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша ұсынуға;

4.1.22. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде іске тартылған Орындаушының және оның қосалқы мердігерлерінің/тең орындаушыларының қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге байланысты мәселелер бойынша өзге қосымша ақпаратты және құжаттарды Тапсырысшының талап етуі бойынша ұсынуға.

4.1.23. Тараптардың екеуі орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне қол қойған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы актіні Zakup.sk.kz жүйесінде қалыптастыруға және жұмыстардың орындалуын/қызметтердің көрсетілуін растайтын құжатты (тарды) қоса бере отырып, Тапсырысшыға қол қоюға жіберуге.

4.1.24. хабарламадан кейін Орындаушы Объектінің құрылысын уақытша тоқтатуға және кемшіліктерді (қателерді) жоюға дейін мердігер жобалар мен сметалар бойынша орындайтын жұмыстардың көлеміне, құнына және сапасына сәйкес келмеген жағдайда мердігерге қойылатын шараларды қабылдауға;

4.1.25. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен берушімен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.26. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 79-бабының талаптарын орындауды көздейтін Тапсырыс берушінің қауіпті өндірістік объектілеріндегі жұмыстарды орындау үшін Мердігер жұмыскерлерінің тартылу фактісін назарға ала отырып, Мердігер жұмыстарды орындауды бастаудың алдында Тапсырыс берушінің мұнай құбыры басқармасына жұмыстарды орындау үшін тартылатын жұмыскерлердің тізімін қолданыстағы рұқсат беру құжаттарының электрондық көшірмелерімен қоса бере отырып, жазбаша түрде беруге міндетті:

4.1.26.1. «Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №222 бұйрығына сәйкес: электр қондырғыларында жұмыс істеу нормалары мен қағидаларын білуін тексеру туралы куәлік;

4.1.26.2. «Қазақстан Республикасының энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №234 бұйрығына сәйкес:

- білімді біліктілік тексеру хаттамасы.

4.1.26.3. «Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқау беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» бұйрығына Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 25.12.2015 ж. №1019 сәйкес:

- жұмыскерлердің кәсіптер бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі білімдерін, қағидаларын, нормалары мен нұсқаулықтарын тексеру жөніндегі куәліктер;
- жұмыскерлер мен басшы жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі білімдерін тексеру жөніндегі емтихан комиссиясы отырысының хаттамалары;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімін тексеруден өткен басшы жұмыскерлерге сертификаттар.

4.1.26.4. «Ұйымдардың қызметкерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 09.06.2014 ж. №276 бұйрығына сәйкес:

- өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі саласындағы білімді тексеру жөніндегі куәлік;
- өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі бойынша білімді тексеру жөніндегі біліктілік комиссиясы отырысының хаттамасы.

4.1.26.5. «Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларының, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің емтихан тапсыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.11.2015 ж. №1100 бұйрығына сәйкес сертификаттар немесе куәліктер және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы білімді тексеру хаттамалары.

4.1.27. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен қызмет көрсету.

4.2. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

4.2.1. Орындаушы көрсеткен қызметтерді шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.2.2. Наразылықтар болмаған жағдайда көрсетілген Қызметтер актісіне Орындаушыдан оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.2.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға;

4.2.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын Орындаушыға қайтаруға міндетті.

4.2.5. Орындаушы тарапынан оларды тиісінше көрсеткен және Шарттың талаптарына сәйкес оларды төлеген жағдайда көрсетілген Қызметтерді қабылдауды жүргізуге;

4.2.6. Шарт бойынша өз міндеттемелерін олар толық және тиісті түрде орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындауға енгізілген қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтаруға.

4.2.7. Орындаушыны тәуелсіз техникалық қадағалауды жүзеге асыруға арналған өкілеттіктермен жүктеуге және мердігерлерге бұл жөнінде алдын ала хабарлап, оған Қызметтерді көрсету үшін Объектінің барлық учаскелеріне кез келген уақытта еркін кіруге қажетті сенімхаттарды беруге;

4.2.8. Объектінің құрылысына техникалық қадағалауды жақсарту бойынша Орындаушының қосымша жазбаша және/немесе ауызша консультацияларын назарға алуға;

4.2.9. Орындаушы Объектінің құрылысына тәуелсіз техникалық қадағалауды жүзеге асыруға қажетті жобалау ұйымдары әзірлеген жобалау-сметалық құжаттаманы Орындаушыға ұсынуға. (Орындаушы өз есебінен өзіне қажетті даналар санын дербес қамтамасыз етеді);

4.2.10. қызметтерді көрсетуін растайтын құжатты (тарды) қоса бере отырып, орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне Zakup.sk.kz жүйесінен алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3. Орындаушы құқылы:

4.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге;

4.3.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақытылы қабылдауды және көрсетілген Қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.3.3. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге.

4.3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Стандартта және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.3.5. Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге қажетті ақпаратты Тапсырысшыдан сұратуға.

4.3.6. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды мәні бірдей мамандарға ауыстыру.

4.3.7. Өнім беруші тендер кезеңінде тендерлік өтінім құрамында көрсеткен орындаушыларға жиынтығында қызметтер көлемінің (құнының) ¼ - нен аспайтын бірлесіп орындауға беру.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен сан қызметтерін алуға;

4.4.2. Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен Шарт құнының тиісінше азаюымен бас тартуға;

4.4.3. Стандартта және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға.

4.4.4. Шартты орындау шеңберінде Қызметтердің көрсетілген көлемінде жергілікті қамтым бойынша есептілікті растайтын құжаттардың көшірмелері мен ақпаратты Орындаушыдан сұратуға;

4.4.5. Егер Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді, шарттық міндеттемелердің талаптарын жою жөнінде өз міндеттемелерін орындамаса, бұзушылықтарды жойғанға дейін толығымен немесе оның бір бөлігін Қызметтерді көрсетуді тоқтату туралы өкімді жазбаша ұйғарыммен беруге;

4.4.6. көрсетілетін Қызметтердің уақтылылығы мен сапасын тексеруге;

4.4.7. Қызметтерді көрсету барысында Орындаушы жол берген кемшіліктерді анықтауға және Шартта белгіленген мерзімдерде оларды жоюды талап етуге;

4.5. Тараптардың қосымша құқықтары мен міндеттері көрсетілетін Қызметтердің техникалық ерекшелігінде (Шартқа №2 қосымша) белгіленуі мүмкін.

5. Кепілдіктер және Сапа

5.1. Орындаушы өз есебі мен тәуекелі үшін кепілдік береді:

5.1.1. пайдаланылатын материалдар, конструкциялар, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасы. Олардың жобалау ерекшеліктеріне, мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкестігі, оларды тиісті сертификаттармен, техникалық паспорттармен және олардың сапасын куәландыратын басқа да құжаттармен қамтамасыз еткені;

5.1.2. Қызметтердің Шарттың талаптарына және оның қосымшаларына сәйкестігі;

5.1.3. көрсетілген Қызметтерді қабылдау кезінде, сондай-ақ Шарттың 5.2-тармағында көрсетілген кепілдік мерзімі ішінде кемшіліктерді уақтылы жойғаны.

5.2. Орындаушы көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 36 күнтізбелік ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

5.3. Егер Объектіні (мердігерлік шартта белгіленген мердігер мен Тапсырысшы арасындағы) кепілдікті пайдалану кезеңінде бірқалыпты пайдалануға кедергі келтіретін ақаулар мен кемшіліктер табылса, онда Орындаушы Тапсырысшымен келісілген мерзімдерде олардың жойылуына техникалық қадағалауды өз есебінен жүзеге асыруға міндетті.

5.4. Орындаушы Шартты орындау шеңберінде Қызметтердің көрсетілген көлемінде жергілікті қамтым бойынша есептілікте ұсынылатын құжаттама мен ақпараттың растығына кепілдік береді.

5.5. Мердігер не Орындаушы анықталған ақаулар мен кемшіліктердің актісін жасаудан немесе қол қоюдан бас тартқан кезде оларды растау үшін Тапсырысшы ақаулар мен кемшіліктерді және олардың сипатын тіркеу бойынша актіні құрайтын білікті сараптаманы тағайындайды.

6. Лицензиялар (сертификаттар)

6.1. Орындаушы Қызметтерді көрсетуге қажетті материалдарға, жабдыққа, құрамдас өнімдерге арналған лицензияларды (сертификаттарды) алуға байланысты барлық шығыстарды көтеруге міндеттенеді.

7. Көлік

7.1. Орындаушы қажетті материалдар мен мүліктің Қызметтерді көрсету орнына тасымалдануын және өз қалауы бойынша және өз есебінен және тәуекелі үшін олардың әкетілуін жүзеге асырады.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Орындаушының жауапкершілігі:

8.2.1. Орындаушы Шартта ескерілген Қызметтерді көрсету мерзімдерін негізсіз кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы көрсетілмеген Қызметтер құнының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

8.2.2. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

8.2.3. Қызметтердегі жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

8.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

8.4. Егер Орындаушы мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзады және әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

8.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.5.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс;

8.5.2. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару негізсіз кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс;

8.5.3. Тапсырыс беруші Қызметтерді қабылдауды негізсіз кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген Қызметтер актісі сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

8.5.4. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген Қызметтер актісі сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

8.5.5. Тапсырыс беруші құжаттарды негізсіз уақтылы ұсынбаған жағдайда (шарттың талаптары бойынша Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсету үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Орындаушы шартта

көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Орындаушының Тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алудан келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге құқылы.

8.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Холдингтің Сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін белгіленген тәртіппен Сатып алу жөніндегі Қордың Операторына ақпарат жібереді.

8.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін Орындаушыға есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын және осыған байланысты туындаған залалдарды ұстап қалуға құқылы.

8.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.9. Тапсырысшының Орындаушыға өсімақы және (немесе) айыппұлды төлеу үшін қойған талабы көрсетілген Қызметтерге ақы төлеу бойынша және өсімақы және (немесе) айыппұлды төлеу бойынша қарсы біртекті талаптардың есебін жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісіне енгізіледі.

8.10. Орындаушы 4.1-тармақтың 4.1.2-тармақшасында көзделген талапты бұзған жағдайда, ол Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге/объектіде техникалық қадағалау мамандарының болмауына міндетті.

8.11. Тапсырысшы Шарт бойынша Орындаушыға есептелетін төлемнен өсімақы және/немесе айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

8.12. Тапсырысшы егер өсімақыны және/немесе айыппұлды төлеуді кідірту күнтізбелік 15 (он бес) күннен асқан жағдайда Орындаушыға қандай да болмасын шығыстар мен залалдарды өтемей-ақ Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

8.13. Өсімақыны және/немесе айыппұлдарды төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

8.14. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және тиісінше тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлдар, өсімақылар) төлеуден басқа, кінәлі Тарап екінші Тарапқа жоғалған пайданы қоса алғанда, шығындардың жабылмаған тұрақсыздық айыбын (айыппұлын, өсімақысын) өтейді.

8.15. Өсімақыны/айыппұлды төлеу екінші Тараптан тиісті талапты алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде Тараптармен жүзеге асырылады.

8.16. Орындаушы кестеде айтылған қызметтерді көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға қызметтерді көрсету мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін уақтылы көрсетілмеген қызметтер құнының 0.1% мөлшерінде өсімпұл ұсынуға құқылы. Шарттың 8.2-тармағының 8.2.1-тармақшасында және 8.16-тармағында көзделген өсімпұлдың жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% - ынан аспауға тиіс.

8.17. Орындаушы әкімшілік айыппұлдарды төлеу бойынша және Тапсырысшыға қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған мөлшерде қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу бойынша шығындарды, сондай-ақ Шартта қоршаған ортаны қорғау бойынша белгіленген талаптары орындау кезінде Орындаушының бұзуы салдарынан туындаған Тапсырысшының өзге де залалдарын Тапсырысшыға өтейді.

8.18. Орындаушы тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар Тапсырысшыға ұсынған мөлшерде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы бұзушылық үшін әкімшілік айыппұлдарды, сондай-ақ Орындаушының Шартта белгіленген талаптарды орындау кезінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы бұзушылығы салдарынан туындаған Тапсырысшының өзге де залалдарын төлеу бойынша шығындарды Тапсырысшыға өтейді.

8.19. Орындаушы өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және өрт қауіпсіздігі, сондай-а Шарттың 13-бөлімінің бөлігінде СТ 6636-1901-АО-039-2.005-2019 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» нормаларын бұзғаны үшін Орындаушы тиісті қаржы жылында республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 3 (үш) айлық есептік көрсеткіштер мөлшерінде айыппұлды Тапсырысшыға төлеуге міндетті. Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ Шарттың 13-бөлімінің бөлігінде СТ 6636-1901-АО-039-2.005-2019 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» нормаларын әрбір қайта бұзғаны үшін Орындаушы тиісті қаржы жылында республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 6 (алты) айлық есептік көрсеткіштер мөлшерінде айыппұлды Тапсырысшыға төлеуге міндетті.

8.20. Орындаушы және оның қосалқы мердігерлері/тең орындаушылары Қазақстан Республикасы азаматтарына және шетелдік азаматтарға еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бергені үшін Орындаушы әр жағдай үшін тиісті қаржы жылында республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 3 (үш) айлық есептік көрсеткіштер мөлшерінде айыппұлды Тапсырысшыға төлеуге міндетті.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Стандартқа сәйкес жүзеге асырылады.

9.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Стандарттың тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

9.3.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

9.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

9.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты:

9.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығындары қысқартылған жағдайда;

9.3.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда алқалы атқарушы органның/байқау кеңесінің шешімі негізінде (Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органы/басқару органының/жоғары органының байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда).

Қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға іс жүзінде шыққан шығындарын төлеген жағдайда жол беріледі.

9.4. Сатып алу туралы шарт тараптарының бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде;

9.5. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда, орындаушы Шартты бұзған күнгі орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

9.6. Қордың уәкілетті органы сатып алуда сатып алу мәселелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші жасасқан шартты біржақты тәртіппен бұзуға жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға шартты бұзу күніне оның нақты шыққан шығындарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

9.7. Тараптардың біреуінің атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген, банктік және басқа да деректемелері өзгерген (толықтырылған) жағдайда ол екінші Тарапқа бұл жөнінде жазбаша хабарлауға міндетті. Мұндай өзгерістер (толықтырулар) жазбаша хабарламаны алған күннен бастап не осындай хабарламада көрсетілген күннен бастап, бірақ хабарлама күнінен ерте емес екінші Тарап үшін жарамды болып саналады. Бұл жағдайда Тараптардың Шартқа қосымша келісімге қол қоюы талап етілмейді.

9.8. Тапсырысшы егер Орындаушы банкрот болса немесе дәрменсіз борышкер болып танылса, Орындаушыға тиісті жазбаша хабарламаны жіберіп, кез келген уақытта Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тарта алады.

9.9. Тапсырысшы Орындаушыға тиісті жазбаша хабарламаны жіберіп, Тапсырысшы үшін оны одан әрі орындау орындылығына байланысты кез келген уақытта Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тарта алады. Хабарламада Шарттан біржақты бас тартудың себебі көрсетіледі, күші жойылған Қызметтердің көлемі, сондай-ақ Шарттан біржақты бас тартудың күшіне енген күні айтылады. Мұндай жағдайда Тапсырысшы нақты көрсетілген Қызметтер үшін Шарт бойынша берешекті Орындаушыға төлейді.

9.10. Тапсырысшы кез келген уақытта Орындаушы және оның қосалқы мердігерлері/тең орындаушылары Тапсырысшыға келтірілген Орындаушының залалдарын толық өтеумен Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетелдік азаматтардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тарта алады.

9.11. Шарттан біржақты бас тартудың кез келген жағдайында тиісті хабарлама Тапсырысшы тарапынан Шарттан біржақты бас тартудың болжалды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмей Орындаушыға жіберілуге тиіс.

9.12. Тапсырысшы егер Орындаушы Шартта белгіленген мерзімдерде Қызметтерді көрсету кестесін келісуге ұсынбаса, Орындаушыға тиісті хабарламаны жіберіп, Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

10. Хат-хабар

10.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

10.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

10.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

10.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

10.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10.6. Тараптар Шарт бойынша хат-хабарды алмасу үшін бір-біріне басқа да мекенжайларын (мекенжайды) хабарлауы мүмкін.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде кез келген жоғарыда көрсетілген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.2. Тараптардың кез келгені еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде олар туындаған күннен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде басқа Тарапқа осы мән-жайлардың басталғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Осы мән-жайлар уәкілетті мемлекеттік органда немесе Қазақстан Республикасының өзге де уәкілетті ұйымында расталуы тиіс.

11.3. Егер Тараптардың міндеттемелерін толық немесе ішінара орындауды екі айдан артық қолдану мүмкін болмаса, онда Тараптардың Шартты бұзу және өзара есеп айырысуларды жүргізу құқығы болады.

11.4. Тараптар егер ол еңсерілмес күш жағдаяттарының салдары (жер сілкінісі және басқа да дүлей апаттар, нормативтік құқықтық актілерді және/немесе Қызметтерді көрсетуге тыйым салмайтын мемлекеттік органдардың өкімдерін басып шығару) болса, бұл жағдаяттар Тараптардың кез келгенінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін емес етіп жасаған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

11.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай еңсерілмес күш жағдаяттары, сондай-ақ осы жағдаяттардан туындаған салдарлар орын алған уақытқа тең мерзімге кейінге жылжытылады.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Тараптар арасында келіссөздер жолымен дауларды және келіспеушіліктерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, даулар мен келіспеушіліктер Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша сотта қаралуға жатады.

12.3. Осы Шартта реттелмеген Тараптардың өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасында реттеледі.

13. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды қамтамасыз ету

13.1. Орындаушы міндетті:

13.1.1. Тапсырысшының объектілерінде қызметтерді көрсеткен кезде өз қызметкерлерімен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексі талаптарының, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормалар мен қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етуге;

13.1.2. қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқама беру және білімдерін тексеруді, өз қызметкерлерінің өнеркәсіптік қауіпсіздігі мәселелері бойынша кәсіби дайындалуын, қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге, өз қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы талаптарына сәйкес өрт-техникалық минимум бойынша өртке қарсы нұсқаулар мен сабақтар өткізуге;

13.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты басқа жұмысқа ауыстыру кезінде не кәсіптік аурудың белгілері пайда болғанда өз қаражаты есебінен қызметкерлерді міндетті, мерзімдік (қызметкерлердің еңбек қызметін жүзеге асыру кезеңінде) медициналық тексерулерден және ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өткізуге;

13.1.4. өз қызметкерлеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, олардың орындалуын бақылау және қызмет көрсету процесінде қадағалауды қамтамасыз ету;

13.1.5. еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғау жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шаралардың, сондай-ақ оған сеніп тапсырылған учаскеде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті ұйымдастыру-техникалық шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етуге;

13.1.6. жұмыс орындарында кез келген тәуекелдерді болдырмау жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз етуге;

13.1.7. Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында белгілеген нормаларға сәйкес өз қызметкерлеріне қажетті санитариялық-гигиеналық жағдайлар жасалуын, оларды жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнайы киіммен және аяқкиіммен қамтамасыз етілуін, оларды профилактикалық өңдеу, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, медициналық қобдишамен, сүтпен, емдеу-профилактикалық тағаммен жабдықталуын қамтамасыз етуге;

13.1.8. Тапсырысшының объектілерінде авариялық жағдайдың өршуін және жарақаттайтын факторлардың басқа адамдарға әсер етуін болғызбау жөніндегі шұғыл шараларды қабылдауды қамтамасыз етуге;

13.1.9. өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ Тапсырысшы қабылдаған және кіріспе нұсқамалар жүргізу кезінде Орындаушыға жеткізілген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндетті талаптарды ескере отырып, жобалау құжаттамасына, технологиялық

регламенттерге сәйкес қызметтер көрсетуге;

13.1.10. оның кінәсінен болған қоршаған ортаға теріс әсер ету салдарларын жоюды жүргізуге;

13.1.11. қызметтерді көрсету кезінде орын алған Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасы бұзылған барлық жағдайларда Тапсырысшыны олар анықталған кезден бастап 2 (екі) сағат ішінде хабардар етуге;

13.1.12. оның кінәсінен өрт туындаған жағдайда өртті сөндіруге, мүліктік (материалдық) залалды өтеуге байланысты барлық шығыстарды өзіне алуға;

13.1.13. Тапсырысшының талабы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ деректерін басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесіне мәліметтер енгізу мақсатында мынадай ақпаратты ұсыну: - Тапсырысшының объектілерінде жұмыстар (қызметтер көрсету) үшін тартылатын қызметкерлердің саны; - Тапсырысшының Объектілерінде жұмыстар (қызметтер көрсету) үшін тартылатын қызметкерлердің жұмыс істеген жұмыс уақытының саны; - еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытудан өткен қызметкерлердің саны; - еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларға жұмсалған қаражаттың жалпы сомасы; - жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті жұмыс өтілінің жалпы сомасы; - Тапсырысшының Объектілерінде жұмыстарға (қызметтер көрсетуге) тартылған кездегі жазатайым оқиғаларға байланысты Орындаушы қызметкерлеріне сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы; - Тапсырысшының Объектілерінде жұмыстарға (қызметтер көрсетуге) тартылатын Орындаушы қызметкерлерінің еңбекке қабілеттілігін жоғалтпай медициналық көмекке жүгіну жағдайларының саны; - Тапсырысшының Объектілерінде жұмыстарға (қызметтер көрсетуге) тартылатын Орындаушы автотехнигінің жалпы саны, олардың жалпы жүрісі; - Тапсырысшының объектілерінде жұмыстарға (қызметтер көрсетуге) тартылатын орындаушы автотехнигінің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының саны; - еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы бақылаушы органдар анықтаған бұзушылықтардың саны.

13.1.14. Шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды (бұдан әрі - шетелдік қызметкерлер) жұмысқа тартқан жағдайда Орындаушы тиісті уәкілетті органдар берген Қазақстан Республикасының аумағына олардың келуіне және еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат беретін құжаттардың барлығын қамтамасыз етуі тиіс. Қазақстан Республикасының аумағына келуіне және еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат беретін қажетті құжаттары болмаған кезде шетелдік қызметкерлер Тапсырыс берушінің объектілер аумағына кіруге рұқсат етілмейді.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтынына және

Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының жүйесінде және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді болатынына өз келісімін білдіреді.

Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Стандартта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың нысанасына жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

15.2. ИМердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

16. Басқа шарттар

16.1. Шартта көзделмеген жаңа құқықтар мен міндеттерге алып келетін Тараптар арасындағы кез келген уағдаластық Тараптармен Шартқа қосымша келісім түрінде жазбаша түрде ресімделуі тиіс. Шартта көрсетілген барлық қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

16.2. Шартты жасасқаннан кейін ол Шарттың мәніне және өзге де талаптарына қатысты Тараптардың толық уағдаластығын білдіреді және ауызша және/немесе жазбаша нысанда Шарттың мәніне және өзге де талаптарына қатысты Тараптар арасындағы барлық алдыңғы уағдаластықтарды өзара ауыстырады

16.3. Шартта реттелмеген Тараптардың өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасында реттеледі.

16.4. Орындаушы Тапсырысшыны Қызметтерді көрсету нәтижесінде үшінші тұлғалармен келтірілген залалды өтеуге арналған қуынымдар мен талаптардан сақтайды.

16.5. Тараптардың бірде-біреуінің екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін беруге құқығы жоқ.

16.6. Шарт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Объектіні пайдалануға тапсырғанға дейін, ал өзара есеп айырысу бөлігінде, сондай-ақ Шарттың 5 және 15-баптарында көзделген міндеттемелерді олар толық орындағанға дейін қолданылады.

16.7. Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы, оның бұзылуы не одан біржақты бас тарту Тараптарды Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға не бұзылғанға (одан біржақты бас тартқанға) дейін орын алған оның бұзушылығы үшін жауапкершіліктен босатылмайды.

16.8. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан, бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде әрқайсысына 2 (екі) данада жасалды.

17. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"КазТрансОйл" акционерлік қоғам
Нұр-Сұлтан қ., "Есіл" ауданы, Проспект Тұран, здание 20, н.п. 12
БСН 970540000107
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ536010111000012185
АО «Народный сберегательный банк Казахстана»
Тел.: +7 (717) 255-5298
Бас директорының тасымалдау жөніндегі орынбасары
Сагиев Эрик Бекбулатович

23.06.2022 12:48:38

"Каз Надзор Груп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Қарағанды облысы, Жезқазған Қ.Ә., Жезқазған қ., улица К. Сатпаева, здание 10/1
БСН 180640020172
БСК KCJBKZKX
ЖСК KZ108562203105529393
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Тел.: +7 (708) 149-2785
Директор ЖАБАЕВ ЕРМАХАН КУЛМАГАНБЕТОВИЧ

23.06.2022 13:10:42

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»

1686697401

№1 қосымша

№682339/2022/3 от 23.06.2022 жылғыкелісім-шарт үшін

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізімі

ЖП тармағының №	Атауы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттамасы	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
291-1 У	Авторлық/техникалық қадағалау бойынша қызметтер	Технический надзор за ходом строительства по проекту Реконструкция охранно-пожарной сигнализации вспомогательных объектов Базы ПТР Павлодарского НУ.	1.000	1.000	-	Иә	261 445.86	КАЗАХСТАН, Павлодарская область, Павлодарская область.	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап 150 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 90%, Соңғы төлем - 10%

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»

1686697401

Қосымша №2
Шартқа №682339/2022/3 от 23.06.2022 жылғы

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

682339 сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (291-1 У, 2489865)

Тапсырыс беруші: "КазТрансОйл" акционерлік қоғам
Орындаушы: "Каз Надзор Груп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	Мәні
Жол нөмірі	291-1 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Авторлық/техникалық қадағалау бойынша қызметтер
Қосымша сипаттама	Технический надзор за ходом строительства по проекту Реконструкция охранно-пожарной сигнализации вспомогательных объектов Базы ПТР Павлодарского НУ.
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Павлодар облысы, Павлодарская область.
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап 150 күнтізбелік күні
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 90%, Соңғы төлем - 10%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

1.1. Орындаушы:

1.1.1. өз қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің объектілерінде қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің, Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормалар мен қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;

1.1.2. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқау беруді және білімдерін тексеруді, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша өз қызметкерлерін кәсіби даярлауды, қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды, Қазақстан Республикасында қолданыстағы талаптарға сәйкес өз қызметкерлеріне өртке қарсы нұсқаулықтар мен өрт-техникалық минимум бойынша сабақтар өткізуді қамтамасыз ету;

1.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ еңбек жағдайлары өзгерген басқа жұмысқа ауыстыру кезінде не кәсіптік аурудың белгілері пайда болған кезде қызметкерлерді міндетті, мерзімдік (қызметкерлердің еңбек міндеттерін жүзеге асыру кезеңінде) медициналық қарап-тексеруден және ауысым алдындағы медициналық куәландырудан меншікті қаражаты есебінен қамтамасыз ету;

1.1.4. өз қызметкерлеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын, олардың орындалуын бақылауды және қызмет көрсету процесінде қадағалауды қамтамасыз етуді қамтамасыз ету;

1.1.5. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды жүргізуді, сондай-ақ өзіне сеніп тапсырылған жұмыс учаскесінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті ұйымдастыру-техникалық шараларды қамтамасыз ету;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

1.1.6. жұмыс орындарында кез келген тәуекелдерді болдырмау жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз ету;

1.1.7. Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында белгіленген нормаларға сәйкес өз жұмыскерлеріне қажетті санитариялық-гигиеналық жағдайлар жасауды қамтамасыз ету, оларды жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнайы киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз ету, оларды профилактикалық өңдеу құралдарымен, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, медициналық қобдишамен, сүтпен, емдік-профилактикалық тағаммен жабдықтау;

1.1.8. Тапсырыс берушінің объектілерінде авариялық жағдайдың дамуын және жарақаттайтын факторлардың басқа адамдарға әсерін болғызбау жөнінде шұғыл шаралар қабылдауды қамтамасыз ету;

1.1.9. меншік немесе жалға алу құқығында өлшеу және бақылау құралдарының, нормативтік құжаттаманың және аккредиттелген (тартылған) зертхананың болуы.

1.1.10. қызметтерді тапсырыс беруші қабылдаған және кіріспе нұсқамалар жүргізу кезінде Орындаушыға таныстырылған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі жөніндегі міндетті талаптарды ескере отырып, жобалау құжаттамасына, технологиялық регламенттерге, Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес көрсету;

1.1.11. қоршаған ортаға өзінің кінәсінен болған теріс әсердің салдарын жоюды жүргізуге міндетті;

1.1.12. қоршаған ортаға, оның кінәсінен залал келтіргенде, Тапсырыс берушіге келтірілген шығындарды өз есебінен өтеуге міндетті;

1.1.13. жұмыстарды орындау кезінде орын алған Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасы бұзылған барлық жағдайларда Тапсырыс берушіні олар анықталған кезден бастап 2 (екі) сағат ішінде хабардар етуге міндетті.

1.1.14. оның кінәсінен өрт туындаған жағдайда, өртті сөндіруге, мүліктік (материалдық) залалды өтеуге байланысты барлық шығыстарды өзіне алуға міндетті;

1.1.15. Тапсырыс берушінің талабы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ деректерін басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесіне мәліметтер енгізу мақсатында келесі ақпаратты ұсыну:

- Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыстар (қызметтер көрсету) үшін тартылатын қызметкерлер саны;

- Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеу (қызмет көрсету) үшін тартылатын қызметкерлердің жұмыс істеген жұмыс уақытының саны;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытудан өткен қызметкерлердің саны;

- қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытуға жұмсаған сағаттарының саны;

- өндіріспен байланысты және байланысты емес жазатайым оқиғалардың саны, оларда зардап шеккендердің саны және зардап шеккендердің жұмыс өтілі;

- Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыстарға (қызметтер көрсетуге) тартылған кездегі жазатайым оқиғаларға байланысты Орындаушы қызметкерлеріне сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы;

- Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыстар (қызметтер көрсету) үшін тартылатын Орындаушы қызметкерлерінің еңбекке қабілеттілігін жоғалтпай медициналық көмекке жүгіну жағдайларының саны;

1.2. Көрсетілетін қызметтерге шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі – шетелдік қызметкерлер) тартылған жағдайда, орындаушы тиісті уәкілетті органдар берген, олардың Қазақстан Республикасының аумағында болуына және еңбек қызметін жүзеге асыруына рұқсат ететін құжаттардың болуын қамтамасыз етуге тиіс.

1.3. Қазақстан Республикасының аумағында болуға және еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат беретін қажетті құжаттар болмаған кезде шетелдік жұмыскерлер Тапсырыс беруші объектілерінің аумағына жіберілмейді.

1.4. Орындаушы өз функцияларын ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 03.02.2015 жылғы № 71 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңына, «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларына», ҚР

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

ҚН 1.03-00-2011 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын ұйымдастыру»; «Ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын техникалық қадағалау» Қазақстан Республикасының әдістемелік құжаты және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асыруы тиіс.

1.5. Орындаушы жұмыс сапасын тұрақты бақылауды жүзеге асыру мақсатында құрылыс алаңында сарапшылардың күнделікті болуын қамтамасыз етеді.

1.6. Техникалық қадағалау қызметтерін Орындаушы барлық тіркеу куәліктерін, шаруашылық қызметті жүргізу үшін қажетті лицензияны (лицензияларды) және шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талап етілетін рұқсаттарды алуға, нормативтік талаптарға сәйкес орындалған жұмыстарды қабылдауға жауапты болады.

1.7. Тапсырыс берушінің пікірі бойынша біліктілігі жоқ немесе қойылатын талаптарды өзгеше түрде қанағаттандырмайтын кез келген аттестатталған сарапшыны қызмет көрсетуден (техникалық қадағалауды жүзеге асыратын ұйымды алдын ала жазбаша хабардар ете отырып) дереу шеттетуді талап етуге Тапсырыс берушінің құқығы бар; мұндай жағдайда аталған персоналды Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша бекітуінсіз жұмыстарды орындауға қайтадан тартуға болмайды. Ауыстыруға байланысты барлық шығындарды техникалық қадағалауды жүзеге асыратын ұйым өтейді. Орындаушы мұндай персоналды уақтылы және тек өз есебінен ауыстыруы керек.

1.8. Орындаушы Тапсырыс берушінің алдында техникалық қадағалау жұмыстарының сапалы, уақтылы және толық орындалуына, құрылыс-монтаждау жұмыстарының (дайындық, бөлшектеу, монтаждау, технологиялық, электр техникалық, іске қосу-баптау), Автоматтандыру және әлсіз токты желілер жөніндегі жұмыстардың және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де жұмыстардың жүргізілу барысына жауапты болады.

1.9. Объектіні салу кезінде инжинирингтік қызметтерді (техникалық қадағалауды) жүзеге асыратын Орындаушының негізгі функциялары:

1.9.1. Тапсырыс берушінің мүддесі үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалуын тәуелсіз техникалық қадағалауды және мердігерлік құрылыс ұйымдарынан аяқталған объектілерді қабылдауды жүзеге асырады.

1.9.2. Орындаушының Тапсырыс беруші объектісінің құрылысына тәуелсіз техникалық қадағалауды толық көлемде сапалы және уақтылы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеткілікті материалдық-техникалық базасы болуға тиіс.

1.9.3. Құрылыс алаңдарында қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

1.9.4. Сатып алынатын материалдар мен жабдықтардың ҚР аумағында қолданылатын МЕСТ, ТШ, халықаралық стандарттарға сәйкестігіне кіріс бақылауын жүзеге асырады.

1.9.5. Құрылыс алаңына келетін пайдаланылатын материалдардың, шикізаттың, бұйымдардың, конструкциялардың сапасын куәландыратын атқарушылық құжаттаманы ресімдеудің толықтығы мен дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады.

1.9.6. Тапсырыс беруші тарапынан сәйкес келмейтін сападағы жабдықтар мен материалдарды жарамсыз деп тану жөніндегі комиссия құрамына, сәйкессіздік туралы актілер мен наразылықтар жасауға қатысады.

1.9.7. Ерекше айналымды (жабдықты) талап ететін материалдармен және жабдықтармен қоймалау, тасымалдау, тиеу-түсіру және басқа да операциялардың ҚР аумағында қолданылатын нормалар мен халықаралық стандарттарға, дайындаушы зауыттың талаптарына сәйкестігін бақылайды.

1.9.8. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын материалдардың, бұйымдардың, конструкциялар мен жабдықтардың сапасын, олардың жобалау құжаттамасына, инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне жалғанудың техникалық шарттарына, техникалық регламенттердің талаптарына, инженерлік ізденістер нәтижелеріне, олардың сапасын растайтын құжаттардың (паспорттардың, сертификаттардың, сынақ нәтижелерінің), сондай-ақ бақылаудың құжатталған нәтижелерінің болуын және дұрыстығын тұрақты тексереді. Ақаулар мен бұзушылықтарды уақтылы анықтау, олар туралы Тапсырыс беруші мен мердігерге хабарлау.

1.9.9. Барлық техникалық және ұйымдастыру кеңестеріне, неғұрлым прогрессивті технологиялық процестерді, құрылыс объектісінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуды қамтамасыз ететін көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдерді енгізуге байланысты жобаларға өзгерістер енгізу туралы мәселелерді шешуге қатысады.

1.9.10. Құрылыс барысында туындайтын жобалық шешімдердің өзгерістерін қарауға және келісуге қатысады, қажет болған жағдайда материалдарды, бұйымдарды, конструкцияларды сапасын төмендетпей ауыстыру жөніндегі мәселелерді жедел шешеді.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

1.9.11. ҚР ҚН 1.03-00-2011 талаптарына сәйкес технологиялық операциялардың құрамы мен орындалу сапасының сәйкестігіне тұрақты инспекциялық бақылау жүргізу.

1.9.12. Орталық аппараттың телекоммуникация департаментіне техникалық қадағалау және көшірмесін ұсыну журналын жүргізеді. Барлық қажетті құжаттарды (қызметті немесе белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаны қабылдау туралы талондарды, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізудің басталғаны туралы хабарламаны) алу, пайдалануға берілген объектіні тіркеуді жүзеге асыру.

1.9.13. ҚР ҚН 1.03-00-2011 В қосымшасындағы нысан бойынша жұмыстардың жалпы журналына анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жою жөнінде ескертулер мен нұсқаулар енгізеді және олардың орындалуын қадағалайды.

1.9.14. Қабылдау бақылауын жүзеге асырады, мердігер орындаған құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемін уақтылы тексереді, жасырын жұмыстарды куәландыру актісін ресімдей отырып, әрбір технологиялық процесс бойынша жасырын жұмыстарға куәландыру жүргізеді.

1.9.15. Құрылыс мердігерлігі шарты бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау кезінде, сондай-ақ объектіні пайдалануға қабылдауға дайындау кезінде жұмыстың әрбір түрінің, конструкциялардың, жабдықтардың және тұтастай Объектінің нақты толық дайындығын тексереді. Атқарушылық құжаттаманың тиісінше және уақтылы ресімделуін тексереді, қабылдау актілеріне тізбелерге енгізілген монтаждалған және орнатылған жабдықтың бар болуын тапсырылатын объектіде нақты бар болуымен салыстырады.

1.9.16. Аяқталған құрылыс-монтаждау жұмыстарының есебін жүргізеді және жоспардың орындалуы туралы есептілікті жасау үшін қажетті деректерді дайындайды.

1.9.17. Объектілерде жұмыс істейтін машиналар мен механизмдердің есебін жүргізеді.

1.9.18. Орындаушының сынақ зертханасы орындаған материалдардың зертханалық сынақтарының нәтижелерін жобалау құжаттамасының талаптарына сәйкестігін тексереді.

1.9.19. Мерзімдердің бұзылуына және құрылыс-монтаждау жұмыстары сапасының нашарлауына әкелетін себептерді зерделейді, бұл туралы Тапсырыс берушіні уақтылы хабардар етеді және олардың алдын алу және жою жөнінде шаралар қабылдайды.

1.9.20. Жабдықтар мен технологияларды баптау жұмыстарына және кешенді сынауға қатысады. Нәтижелер нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес ресімделеді.

1.9.21. Объектінің пайдалануға беруге дайындығын растайды және жұмыс және қабылдау комиссиясының жұмысына қатысады.

1.9.22. Тапсырыс беруші мен құрылысты орындаушы арасындағы мердігерлік шартта белгіленген объектіні салудың кепілдік мерзіміне сәйкес объектіні тапсырғаннан кейін ақаулар анықталған кезде ақаулардың пайда болу себептерін анықтау және оларды жою жөніндегі жұмысқа қатысады.

1.9.23. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті сақтандырудың барлық түрлерін өз есебінен жүзеге асыруға міндеттенеді;

1.10. Орындаушы Жұмыс алаңында объектілерді пайдалануға қабылдау кезінде ұсынылатын жұмыс құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын жұмыстар басталған сәттен бастап және олар аяқталғанға дейін жұмыстарды жүргізу журналына бұрыштама қояды.

1.11. Тапсырыс беруші кез келген уақытта қызметтердің барысы мен сапасын, қызметтер көрсету мерзімдерін, материалдар мен жабдықтардың сапасын, мамандардың біліктілігін тексеруге құқылы. Бұл ретте, тексеру процесінде шарт талаптарынан ауытқулардың немесе өзге де кемшіліктердің анықталуы Орындаушыны шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерден босатпайды және Тапсырыс берушіні көрсетілетін қызметтердің мерзімдеріне, көлемдері мен сапасына қатысты одан әрі талаптар қою құқығынан айырмайды.

1.12. Орындаушы Қызметтерді объектіні салудан бастап, объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойғанға дейінгі бүкіл кезең ішінде көрсетеді.

1.13. Көрсетілген қызметтердің құны орындалған жұмыстар мен шығындардың құны туралы анықтамаға сәйкес мердігердің ағымдағы есепті кезеңде орындаған жұмыстарының құнынан пайыздық мәнде айқындалады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

1.14. Орындаушы Шарт жасалған күннен бастап ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге есепті кезеңде атқарылған жұмыс туралы есеп беруі тиіс, есептің құрылымы Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі тиіс.

1.15. Құрылыс объектісі аяқталған кезде Орындаушы Тапсырыс берушіге құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытынды береді.

2. Қызметтер орындайтын жер: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Мичурин кенті, СТЖ базасы (өндірістік бөлімше-су асты-техникалық жұмыстар учаскесі) Павлодар мұнай құбыры басқармасы;

3. Жұмыс жобасында қосалқы объектілердің күзет-өрт сигнализациясы жүйесін қайта жаңарту көзделеді. Әлеуетті өнім беруші белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық құжаттамамен «ҚазТрансОйл» АҚ «Нұр-Сұлтан қаласы, Тұран даңғылы, 20-каб. мекенжайы бойынша орналасқан кеңсесінде құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісімге қол қоған соң таныса алады. «ПМБ СТЖ базасы. Күзет-өрт сигнализациясын қайта жаңарту» жұмыс жобасы. 14.08.2020 ж. № ҚСО-0031/20 сараптама қорытындысы;

Жобада қолданыстағы, ескірген және әртүрлі жабдықтарда орнатылған күзет-өрт сигнализациясы жүйесін демонтаждау және жаңа күзет-өрт сигнализациясы (КӨС) қондырғысын монтаждау бойынша жұмыстар көзделген.

Автоматты өрт дабылы қондырғысы бақыланатын орынжайларда өртті түтін пайда болған кезден бастап ерте деңгейде анықтап, өрт туралы хабарлама тарату үшін арналған.

Автоматты өрт дабылы қондырғысы ретінде «Болид» НВП» ЖАҚ элементтері мен құрылғылары негізінде интеграцияланған жүйе қолданылды.

Өрт хабарлағыштары ретінде адрестік түтін өрт хабарлағыштарын, адрестік жылу өрт хабарлағыштарын, адрестік қол хабарлағыштарын орнату көзделген.

А класты аймақтары бар орынжайларда өрт хабарлағыштары ретінде жарылыстан қорғалған түтін хабарлағыштарын, қолмен жарылыстан қорғалған хабарлағыштарды орнату көзделген. Сондай-ақ осы орынжайларда жарылыстан қорғалған жарық-дыбыс хабарлағыштарын орнату қарастырылған. Осы орынжайлардағы сигнал беру шлейфтерінде және хабарлау желілерінде механикалық зақымданудан қорғалған-отқа төзімді, брондалған, экрандалған кабель қолданылған.

Жобада адамдарды өрт туралы хабардар ету жүйесі қарастырылған, ол: барлық ғимараттарға дыбыстық және жарық сигналдарын беруді қамтамасыз етеді.

Жобалауға арналған тапсырманың талаптарына сәйкес күзет сигнализациясы жүйесімен материалдық құндылықтар тұрақты сақталатын орынжайлар жабдықталады. Автоматты адрестік күзет дабылы қондырғысы ғимаратқа кіруді анықтауға арналған.

3. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	СТ 6636-1901-АҚ-039-2.005-2019 «Мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар».

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»

1686697401

Қосымша №3

Шартқа №682339/2022/3 от 23.06.2022 жылғы

Қосымша №3

Шартқа №682339/2022/3 от 23.06.2022 жылғыҚызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта жергілікті қамтудың үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың атауы және қысқаша сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауар шығарылған елдің коды	Местное содержание в товаре,в тенге	Местное содержание в договоре, %
					в единице измерения по ст.5	ақшалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Жергілікті қамту үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: http://www.enstru.skc.kz/
8. СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.
9. СТ-KZ сертификатының сериясы.
10. СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.
11. СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.
12. СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.
13. СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда жергілікті қамтудың үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.
Жергілікті қамтудың үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

№ р/с	Орындаушы/Субмердігер	Келісім-шарт нөмірі	Келісім-шарттың құны	Келісім-шарт шеңберінде орындаушы немесе субмердігер сатып алатын/сатып алған тауарлардың жиынтық құны	Келісім-шартты орындау шеңберінде жасалатын/жасалатын субмердігерлік келісім-шарттардың жиынтық құны	Келісім-шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе субмердігердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жалпы қорындағы қазақстандық кадрларға еңбекақы төлеу қорының үлесі	Шарттағы жергілікті қамту үлесі, (ақша қаражат түрінде)
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы жергілікті қамтудың қорытынды есебі

№ р/с	Орындаушы	Келісім-шарт	Келісім-шарт күні	Келісім-шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Местное содержания в договоре, %
1	2	3	4	5	6	7 (=∑15(табл.1)+∑8(табл.2)/6*100%)
						100

Ескерту:
Жергілікті қамтудың үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Қол қоюшылар:

Сагиев Эрик Бекбулатович, Заместитель генерального директора по транспортировке

Друзь Елена Сергеевна, Руководитель службы комплаенс - контроля

Хазыров Ренат Максутович, Ведущий инженер департамента телекоммуникаций, АСУТПиМО

Ускеленов Чингиз Талапович, Департамент бизнес-планирования и экономического анализа

Иргалиев Илмар Ниязбекович, Директор департамента телекоммуникаций, АСУТПиМО

Нуртаева Дилара Сериковна, Менеджер службы комплаенс-контроля

Успанова Альбина Болатовна, Главный менеджер департамента бизнес-планирования и экономического анализа

Оринбеков Арман Канатович, Директор департамента правовой экспертизы договоров

Адамова Айжан Бекежановна, Заместитель директора департамента контрактов и развития местного содержания

Салимов Нурали Нуртаевич, Начальник отдела закупок и МД ПН департамента контрактов и РМС

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»

1686697401

Кабулов Аскар Темирбекович, Директор департамента промышленной безопасности, охраны труда и ЧС

Кабдуллина Алтын Рахметолловна, Директор департамента налогового планирования и учета

Откульбаев Тимур Кенесарыевич, Главный менеджер отдела охраны труда, здоровья, пожарной безопасности ДПБОТиЧС

Сункарбеков Еркен Сабитович, Ведущий юрисконсульт

ЖАБАЕВ ЕРМАХАН КУЛМАГАНБЕТОВИЧ, Директор

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»

1686697401

ACS

Договор о закупке услуг №682339/2022/3

23.06.2022 г.

Акционерное общество "КазТрансОйл", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице Заместитель генерального директора по транспортировке Сагиев Эрик Бекбулатович, действующего на основании Доверенность №1668491007 от 07.06.2022, , с одной стороны, и Товарищество с ограниченной ответственностью "Каз Надзор Груп" именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице Директор ЖАБАЕВ ЕРМАХАН КУЛМАГАНБЕТОВИЧ, действующего на основании Устав, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии со Стандартом управления закупочной деятельностью акционерного общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и организаций пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления, утвержденным решением Правления АО «Самрук-Қазына» (№ 31/19 от «9» сентября 2019 года) (далее – Стандарт), и на основании Протокол итогов № 682339, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем.

1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги согласно условиям Договора (далее - Услуги), а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

1.2. Объем, сроки и технические требования Заказчика к Услугам изложены в приложениях №№1,2 к Договору.

1.3. Услуги оказываются Исполнителем в течение всего периода строительства Объекта до момента ввода Объекта в эксплуатацию в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан. Стороны признают, что положение настоящего пункта в части срока оказания Услуг имеет преимущественную силу перед другими положениями Договора и его приложениями, предусматривающими срок оказания Услуг.

2. Сумма Договора и условия оплаты

